

«Болашақ» мектебі мекемесі
«Математика және информатика» ӘБ отырысының
№1 хаттамасы

31.08.2023 ж.

Қатысқандар: 11
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылына Қ.Р жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2023-2024 оқу жылына бірлестіктің жұмыс жоспарын және мұғалімдердің тақырыптық-күнтізбелік жоспарын бекіту. Дарынды және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту бағдарламасының жоспарын құру, бекіту.
3. Мұғалімдердің жүктеме сағаттарын бөлу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері туралы мәлімдеме жасады. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша бірлестіктің апталығы 13.11-24.11.2023 жыл аралығында белгіленіп, жоспары талқыланды. Жиынтық бағалау жұмыстарының кестесі құрылды. ҰМЖ №348 бұйрық, ҚМЖ №382 бұйрыққа сәйкес толтырылуы керек екені айтылды. Дарынды және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, жұмыс кестесі құрылды және жұмыс жоспары талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдердің бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат бойынша стандартқа сай әр пән мұғалімі 1,5 жүктемелік сағаттан артық алуға болмайтынын ескертті.

Шешімі:

1. Бірлестік мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарын және дарынды, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жоспары бекітілсін.
2. 31.08.2023ж. мұғалімдердің жүктемесі тарифтелінсін.
3. Артық сағат жүктемесі вакансияға берілсін.

ӘБ жетекшісі:
Хатшы:

А.Қ.Айтуғанова
К.Н.Жақсылық

«Болашақ» мектебі мекемесі
«Математика және информатика» ӘБ отырысының
№2 хаттамасы

4.09.2023 ж.

Қатысқандар: 11
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

4. 2023-2024 оқу жылындағы атқарылатын жұмыстар туралы.
5. КТЖ, ҚМЖ уақытылы толтырылуы жөнінде.
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылының жоспарын бірлестік мұғалімдерімен талқылады. Математика және информатика пәнінен 9 сыныптарға арналған тестке дайындық жасау жоспарын құрып, талқылады.

Екінші мәселе бойынша ҰМЖ, ҚМЖ талапқа сай күнделікті мұғалімдердің қолында болу және электронды журналды уақытылы толтыру керектігі айтылып өтті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.Қ.Айтуғанова өз сөзінде жас мамандардың бос уақытында тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына еніп, тәжірибе алмасу қажеттігі ескертілді.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.Қ.Айтуғанова оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай толтырылуы, уақытылы тексеріліп, комментарий жазылу керектігі ескертілді.

Шешімі:

1. Тестке дайындық жұмысы талапқа сай жүргізілсін.
2. Жаңа оқу жылына жоспар бойынша дайындалсын.
3. Оқушылардың дәптерлері талапқа сай тексерілсін.

ӘБ жетекшісі:
Хатшы:

А.Қ.Айтуғанова
К.Н.Жақсылық